

3. Федеральный закон от 6 октября 1999 года № 184-ФЗ «Об общих принципах организации законодательных (представительных) органов государственной власти субъектов Российской Федерации» // Собрание законодательства Российской Федерации. 1999. № 42.
4. Кутафин О.Е., Фадеев В.И. Муниципальное право Российской Федерации. – М.: Юрист, 2001.
5. Керимов Д.А. Методология права (предмет, функции, проблемы философии права). 2-е изд. – М.: Аванта+, 2001.
6. Алексеев С.С. Восхождение к праву: Поиски и решения. – М., 2001.
7. Руденко В.Н. Прямая демократия: модели правления, конституционно-правовые институты – М., 2000.
8. Васильев Р.Ф. О понятии правового акта // Вестник МГУ. Сер. 11. Право. 1998. № 5.
9. Федеральный закон от 11 апреля 1998 г. № 55-ФЗ «О ратификации Европейской хартии местного самоуправления» // Собрание законода-

тельства Российской Федерации. – 1998. – № 15. – Ст. 1695.

Түйіндеме

Институттың құқтық негізі федералдық заңдарда бекітілген Ресей Федерациясының конституциялық құрылымы негіздеріне, мемлекеттік биліктің өкілетті және атқарушы органдарын ұйымдастырудың жалпы қағидаларына сай РФ Конституциясы нормаларында Федерация субъектілерінің өз бетінше мемлекеттік билік органдарын орнатуға берілген құқықтары болып табылады.

Conclusion

The norms of the Constitution of Russian Federation belong to the legal basis of the institute of recall which sets the right of the Federation subjects to establish the system of the state authority organs themselves in accordance with the Russian Federation constitutional organization and the general principles of the organization of representative and executive state power organs fixed by the federal law.

Бекишева Р.Е.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының магистранты

ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ КОНЦЕПТІЛІК НЕГІЗДЕРІ

Мақал-мәтелдер – халық даналығы. Олар белгілі бір халықтың дүниетанымын, табиғат, қоғам құбылыстарын өз тұрғысынан бағалауға, қоғамдық қарым-қатынасты, салт-сананы, әдет – ғұрыпты, наным-сенімді анықтауға арналған сан ғасырлық тәжірибенің жиынтығы. Сондықтан да мақал-мәтелдердің мәдени, рухани өмірімізге қатысы жоқ саласы кездеспейді. Тіл мүмкіншілігін мейлінше кең пайдаланып, ылғи толығып, толассыз дамып отыратын осы қазынамыз түр-түс атауларын да мол қамтиді екен.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің түр-түске қатыстығын, олар арқылы небір көрікті де көркем образ – бейнелердің дүниеге келуін, небір күрделі құбылыстардың сыры мен қырын ашудағы олардың атқаратын ерекше

қызметін арнайы зерттесе артық болмас еді.

Дегенмен, мақал-мәтелдердің түр-түс әлеміне қатыстығын сөз еткенде айтпай кетуге болмайтын жағдайлар да бар. Солардың бірі – мақал-мәтел жасаушы түр-түске қатысты тіркестердің көбі өздерінің түстік мағынасында қолданылмауы. Кез келген осындай тіркесті ашып қарасақ, бірден байқала бермейтін, бірақ түп негізі, дүниеге келу жолы тіпті арыдан басталатын экономикалық, әлеуметтік, этнографиялық салт-санамен астарлас жатқан ұғымдарға, түсініктерге барып саятынын көреміз. Мәселен, төменде келтірілген мақал-мәтелдердің құрамында ақ сауыт, ақ серке, ақ түйе, ақ сөз сияқты тіркестер кездеседі. Бір қарағанда бұлар түр-түстік мағына беріп тұрған сияқты.

Енді оларды мақал-мәтел құрамында қарастырайық, мысалы: «Ақ серке қой бастайды, Ақын жігіт той бастайды», «Ақсауыттың жағасы бар, жеңі жоқ», «Ашамай нарға жарасар, Ақ түйе барға жарасар», «Ақ сөз ащы болады, Ғайбат сөз тәтті болады». т.б.

Сонда аңғарғанымыз: ақ түйе мен сары серке түсінің тек ақтығымен ғана емес, сонымен қатар олардың халық наным-сенімінде «малдың басы, киелі», немесе «мал бастайтын көсемі» болумен де ерекше мәнге ие болуында. Сондай-ақ, *ақ сауыт* пен *ақ сөз* тіркестері де түс мағынасын білдіріп тұрған жоқ. *Ақ сауыт*-болаттың, не асыл темірдің ең тазасы мен берігінен жасалған сауыт. *Ақ сөз*-шындықты ашып айтатын, бүркемесі жоқ адал сөз [1, 145 б].

Түр-түс атаулары сатылы иерархиялы құрылым түзе отырып бинарлы қатынастағы концепт жасауға қатысады.

Бұл концептілер бір сөз бойында көмескі синкретті белгілерінің маңына шоғырланған түр түс туралы білімді толықтай дерлік қамтиды. Сонымен, түр-түстік атаулардың концепт құруында түс сынарлы тілдік қолданыстардың барлығы (тұрақты қолданыстар, ауыспалы мағына, қанатты сөз, мақал-мәтел, жеке атаулар, символдар т.е.с.) ескеріледі.

Кез келген ұлт мәдениетіндегі түр-түс әлемі өзіндік ерекшелікке, өзіндік символдық мәнге ие. Яғни, «мәдениеттегі түр-түс» арқылы халық өзіндік эстетикалық көзқарасын, эмоционалдық қалпын, адамгершілік түсініктерін білдірген. Қоршаған орта, аспан әлемін, тіпті кез келген материалдық мәдениетке байланысты заттар, киім-кешек, құрал-жабдық, болмаса, рухани мәдениетке қатысты салт-дәстүрлерімізді түр-түссіз қабылдау мүмкін емес, онсыз оның болмыс – бітімі толқыққанды болмайды. Сондықтан, түр-түс – ұлт мәдениетін танытатын бір тұғыр. Ол өз тамырын тереңге жайып, ата-бабаларымыздың мифтік түсінігімен де астасып жатады.

Басқа халықтардағыдай қазақ халқы үшін де әлем екі түске – ақ пен

қараға бөлінген. Оның бірі ақ түс – күллі игі, жақсы қасиеттер бернесі болса, қара түс – жамандық біткеннің бедеріне ие. Бұл түсінік халық санасына терең ұялап, оның тілі мен ойлау жүйесінен орын алған. Сондықтан ақ түс күні бүгінге дейін жақсы бастама атаулының бәрінен табылады. Өйткені ол сұлулық әлемінің, адамгершілік қасиеттердің біртұтас жиынтығын құрайды [2, 102 б].

Түс сынарлы теңеулерді қарастырғанда Т.Қоңыров «бояулы» теңеулерді тоғыз түрлі құрылымдық-семантикалық топқа бөліп қарастырады «предметі (А) «бояулы» теңеулер, образы (В) «бояулы» теңеулер, негізі (С) «бояулы» теңеулер, образы мен предметі «бояулы» теңеулер, негізі мен образы «бояулы» теңеулер, үш элемент те «бояулы» теңеулер. Мәселен, қазақ тіліндегі *ақ көңіл* – *қара көңіл* – *ала көңіл*, *ақ ниет* – *қара ниет*, *қоңыр дауыс* – *тарғыл дауыс* дегендер коллективтік ассоциация негізінде пайда болып қалыптасқан ассоциациялық қолданыстар, қазақ халқы үшін «қара» түс «қасиетті, киелі» мағынасымен бірге, жаманшылықтың символы болса, «ақ» түс – жақсылық, пәктік, адалдық, сұлулықтың өлшемі де, «қоңыр» түс – әділдіктің, жағымдылықтың, сүйкімділіктің көрсеткіші», – дейді [3, 19-20 б].

Түр-түстердің символдық мәні туралы Ә. Марғұлан: «Көк түс – көкке табынудың, аспанның символы, қызыл – оттың, күннің, ақ – шындықтың, қуаныштың, бақыттың, сары – ақыл-ойдың, қара – жердің, жасыл – көктемнің, жастықтың символы», – деп жазады [4, 87 б].

Түр-түстердің өзіндік сипаты, зерттелу тарихы, семантикасы, қолданылуы т.б. мәселелер төңірегіндегі зерттеуді Ә.Қайдар, З.Ахтамбердиева, Б.Өмірбековтердің «Сырға толы түр мен түс», «Түр-түстің тілдегі көрінісі» еңбектерінен көруге болады. Бұл еңбекте түр-түстің символдық мәні туралы да пәрменді сөз қозғалған. Сонда авторлар: «Түр-түске байланысты «әр дәрежедегі, әр алуан, әр типтес символдардың пайда болуына о баста себеп

болған не?» деген сұраққа: ең алдымен, жеке адамдардың өзін қоршаған табиғи түрлі түстер мен реңктерге көзқарасы, оларды сезінуі мен қабылдауы», – деп жауап береді [1, 74 б].

Демек, бояу түсіне әдейі мағына берілгенде ғана ол символға айналады: ақ жаулық, қара жалау, қызыл шақа, қоныр күй, ала жіп т.б. Ал қазақ халқының жанына жақын, көңіліне қалаулы түс – ақ түс. Мұның өзі ақ түстің физикалық сипатымен де түсіндірілуі мүмкін, себебі ақ түс басқа түстердің барлығын көмкеріп, жұтуға бейім келеді де, басқа түстерге қарағанда көзге ерекше түседі. Жалпы ақ түс Еуропа, Азия, Африка, Америка мәдениетінде сакральді мәнге ие [5, 158 б].

Түркі тілдес халықтарға ортақ көне мұралардың көркемдік ерекшеліктерін зерттеуші И.В.Стеблева ақ түстің мағынасы Күл-Тегінге арналған ескерткіш, «Қорқыт ата», «Манас» сияқты мұнараларда кездесетінін айта келіп, бұл көне түріктердің наным-сеніміндегі жақсылық нышаны екенін айтады. Қазақ халқында ақ – пәктік пен ақтықтың нышаны, қуаныш пен жақсылықтың белгісі, махаббат, үміт, қайырымдылық деген ізгі сезімдердің символы. Себебі бұл – қазақтың ең қасиетті тағамы – сүттің түсі. Жалпы халқымыз киелі нәрселер мен қасиетті заттарды ақ атауымен атап, оларды аққа балаған. Сондықтан да сүттің түсі қазақ танымында көптеген жағымды ұғымдардың нышанына айналған. Қазақ халқы ақты ертеден қастерлеген. Ақтың өзін қойып, жуындысын аяқ астына төкпеген. Бұл туралы Г.Н. Потанин: «Как казахи, так и монголы считали, что «молоко, кумыс, творог нельзя проливать или ронять на землю, сделав это нечаянно, нужно смочить пальцы в пролитом и вытереть о правое плечо, потому что эти три вещи есть счастье», – дейді [6, 195 б].

Ақ түс – қазақ ұғымындағы ең қасиетті, ең ардақты, ең сүйкімді, ең жұмсақ бояулардың бірі. Басқаша айтқанда, аталмыш ұғымдардың барлығы да, осы ақ түспен ассоциацияланады. Мұны тіліміздегі ақ жарқын, ақ жүрек, ақ көңіл, ақ жолтай болды, ақ иық, ақ

иіліп сынбайды, ақ тілеу тәрізді сөз орамдары дәлелдей түседі. Қазақ халқы дүние тұтқасы, барлық тіршіліктің бесігі, адамзат өмірін өрбітуші ананы ақ ана дейді, оның махаббат –мейірімімен, іңкәрлік сезімімен қайнар бұлақтай құйылған тіршілік нәрін – ақ сүт атаған. Сондықтан қазақ үшін ең жоғарғы адамгершілік парыз – «ананың ақ сүтін ақтау».

«Ақ» түске байланысты мақал мәтелдер:

Ананың алды-ақ жайлау.

Ақ серке қой бастайды,

Ақын жігіт той бастайды.

Ақ бөкенді жатыр деме,

Көшпелі елді отыр деме.

Ақ ит, қара ит –

Бәрі бір ит.

Ашамай нарға жарасар,

Ақ түйе барға жарасар.

Аққа зауал жоқ.

Ақ қар көп болса,

Ақ нан көп болар.

Ақ сөз ащы болар,

Ғайбат сөз тәтті болар.

Сақалға ақ түсті

Көңілге дақ түсті.

Ш.Уәлихановтың,

Ы.Алтынсариннің, белгілі қазақ этнографы Ө.Жәнібековтың көрсетуінше, қазақ халқында ертеректе ел жақсысы қаза тапқанда шаңырақтан қара ала шашақты қара жалау көтеріп, жақындары қара жамылып аза тұтатын, оның мінген атын бір жылға дейін тұлдап, ер – тұрманына қара жабу жауып, көші-қон кезінде жетелеп ертіп жүрген. Қаралы үйге қара тігуде қайтыс болған кісінің жас ерекшелігі ескерілген. Егер өлген адам жас болса – қызыл, орта жастағы адамға – қара, ал қарт болса – ақ орамал байлаған. Қаралы үйде қандай адамның өлгенін осы белгі арқылы жүргіншіге білдірген. Бұл тарихи мазмұнды көркем шығармаларда да көрініс тапқаны белгілі. Қара тұрғызудың екі себебі, мәні бар: бірі – ас бермектің белгісі, екінші себеп – әркім қараны көріп, фатиха етудің لازым екенін біліп келсін, құран оқысын, аш болса тағамдансын, шөлдесе сусындасын, бұның сауабы өліктің рухына болсын дегеннің белгісі. Ә.Диваевтың мәліметі

бойынша, ертеректе қазақ әйелдері қайғыға душар болғанда қара және қызыл түсті орамал, желең жамылған. Осыған қарағанда қазаға байланысты қара жамылудан басқа, қаралы Қызыл жамылу салты да болғаны байқалады [1, б. 82]. Қара жамылу орта жастағы адам қайтыс болып, әйелі мен балалары жетім қалуына байланысты айтылған. Себебі қазақтар қаралы киімді әдейі тікпеген. Орта жастағы адам өлгенде әйелдер әшекейін алып тастап, иығына қара жамылған. Еркектер белін буып, қолына таяқ ұстаған. Қазақ салты бойынша күйеуі өлген әйел қара киінеді, қызы үстіне ақ киім, басына қызыл бөрік киеді.

Күйеуі өлген әйел басына қара жаулық салса, ұлын жоқтаған ана басына ақ орамал тартқан. Ара-тұра осы тәріздес синкретті қолданыстар орын алса да, қазақ үшін қайғы белгісі – қара түсін қолдану кең етек алған деуге болады [2, 107 б].

«Қара» түске байланысты мақал-мәтелдер:

Қасапшыға мал қайғы,
Қара ешкіге жан қайғы.
 Жауды *қара* қашырды,
 «Батыр» атақ Барақта қалды.
 Өрмекшінің торы –
Қара шыбынның соры.
 Кемеңгер келістіден шығар,
Қара байыр желістіден шығар,
 Қарау *қара* басының қамын ойлайды.
 Айғырдан туған жампоз бар, нар демесең нанғысыз,
 Қарадан туған жігіт бар ханға күнін салғысыз.
 Кәрі атын мақтаған *қара* жаяу қалар.
Қара жерге қарыз арқаламайды.
Қара жерді жамандама – қайтіп сонда барарсың,
 Қауым елді жамандама-қарғысына қаларсың.
 Қазанға жолама, *қарасы* жұғар,
 Жаманға жолама, жаласы жұғар.
 Қайғысы жоқ адамға *қара* көже балмен тең,
 Қайғысы көп адамға кең дүние жермен тең.
Қара көзден нұр тайса, қарға адым жер мұң болар.

Жаман адам-күлқынның *қара* қабы,
 Жақсы адам-адалдықтың тағы.
 Жақынды жаралама,
 Алысты *қаралама*.

Ата-бабаларымыз дүниені төрт бұрыш деп түсініп әрі әр бұрышқа өзіндік символдық реңк-түс берген. Атап айтқанда, шығыс-көк түс, оң-түстік – қызыл түс, солтүстік – қара түс, батыс – ақ түс деген күн айналымына негізделген таным. Қазақ ұғымында «көк» түс – аспанға берілген оның тәңірлік сипаты болған. Бұл танымның тереңде жатқандығын Күлтегін ескерткіштеріндегі: Биікте Көк Тәңірі Төменде қара Жер жаралғанда

Екеуінің арасында адам баласы жаралған, – дейтін жолдар дәлелдей түссе, бұны жалғастыратын деректі «Оғыз қаған» эпосынан да кездестіреміз. Аңыз-әңгімеде үйлену Оғыздың әрекеті емес, тағдырдың өз ұйғарымы, Тәңірінің ісі екендігі көрінеді: Оғыз жалбарынып отырғанда «қараңғылық (кеш) келіп, аспаннан «көк жарық» (көк сәуле) түсті, сол «көк жарықтан» пайда болған көк тәңірінің қызы. Жарықтан (сәуледен) жаралғандықтан оның меңі «отты жарық», ол Көк тәңірінің «көк жарықтан» жаратқан қызы болғандықтан, «жердің ел күні көретін» қыз емес, көк тәңірі ортасында жүріп солардың көзімен көрінетін ғана қыз. Сол үшін де олар «қыз күлсе, көк тәңірі қосыла күледі», егер «қыз жыласа, көк тәңірі (бірге) жылайды». Сол сияқты ежелгі мұра – нұсқалардың деректеріне сүйенсек, құрбандыққа шалынатын мал да көк түсті болып келеді. Мысалы: Есен барып, сау қайтсаң, Егіз туған көк қошқар Ол да сенің жолыңа! Егіз туған көк бура О да сенің жолыңа! «Қобыланды батыр».

Көк түсті киелі санаумен байланысты халық шығысты да қасиетті санап, шығысқа қарап тілектілеген, киіз үйдің есігін шығысқа қаратып ашқан. Бұның бәрі ұлы «көк» аспан тәңіріне табынудан келіп шыққан. Демек, көк түс – адалдықтың, мәңгіліктің, тұрақтылықтың символы ретінде «мәңгілік көк Аспанмен», «Тәңірімен» ұқсастырылады. Бұл – халық танымының айнасы. Ол – халық рухының бет-перде-

сін, ұлттық рухтың шырқау биікке, жоғарыға, тазалыққа, руханилыққа ұмтылысын танытады. Осы түсінік жеті қат көк, тоғыз қат көк тіркестерімен бейнеленген. Еліміздің туының түсі ашық аспан түстес болуын да көк түстің ерекше ықыласқа бөленуімен түсіндіруге болады.

«Көк» түске байланысты мақал-мәтелдер:

Күн сіркіресе, көк дүркіреді.

Сәуір болса, күн күркіреді,

Күн күркіресе, көк дүркірер.

Көбік қарда түлкі ойнар,

Көк көрпеді жылқы ойнар.

Жаманның тілі ащы,

Көк мияның гүлі ащы.

Көк судың тоғы болмас.

Көп ұнатса, көк тоқтыны сойып ал.

Түр-түс – алдымен адамды қоршаған ғаламның өзі, объективті шындық, сонымен қатар адамның ішкі дүниесінің, дүниені қабылдауы мен түсінуінің фрагменті. Адам сыртқы әсерлерді өзінше түйсініп, бағалайды, сондықтан да бәріне визуалды ақпарат ретінде берілуінде бірдей болатын түс субъективті танымда түрлі мазмұнды білдіреді. Бұл – түр-түстерге қатысты таным. Адам санасының шындықты жоғары деңгейде жалпылап, дерексіз дендіретіні тіл табиғатын күрделендіре түседі. Кез-келген мағына мен ұғымның негізінде жалпылау жатады. Бұл – мағына құбылуының шексіздігінің кепілі.

Түр-түсте шындық болмыс халықтың ғалам туралы түсініктеріне, ой-тұжырымына сай өңделіп, өзгеше реңкпен өріліп, асқан шеберлікпен бейнеленеді. Сол себепті де түр-түс ұлттың рухани құндылықтарын түйіндеп, түйдектеп беруде айрықша мазмұнға ие.

Түр-түс адамзат өмір сүруінің ажырамас бөлігі, ақиқатты нақты бейнелеуде мүмкіндігі мол. Ол-адамның саналы білімінің ғана емес, психологиялық жай-күйі, талғам, талап, қажет-

тілік пен көзқарасының өлшемі және оны танытушы.

Тілдік мағыналар көмегімен түр-түс туралы түсініктер қайта құрылады.

Түр-түсте шындық болмыс халықтың ғалам туралы түсініктеріне, ой-тұжырымына сай өңделіп, өзгеше реңкпен өріліп, асқан шеберлікпен бейнеленеді. Сол себепті де түр-түс ұлттың рухани құндылықтарын түйіндеп, түйдектеп беруде айрықша мазмұнға ие.

Түр-түс адамзат өмір сүруінің ажырамас бөлігі, ақиқатты нақты бейнелеуде мүмкіндігі мол. Ол-адамның саналы білімінің ғана емес, психологиялық жай-күйі, талғам, талап, қажеттілік пен көзқарасының өлшемі және оны танытушы.

ӘДЕБИЕТ

1. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. Алматы: «Ана тілі», 1992.
2. Қанапина С.Ф. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ф.Мұстафин, С.Мұқанов шығармалары негізінде). Фил.ғыл. канд. дисс. Алматы, 2006.
3. Қоңыров Т. Қазақ тілінің тұрақты тенеулер сөздігі Алматы: «Ғылым», 1990.
4. Маргулан А. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. Алматы, 1986.
5. Жуковская Н. Категории и символика традиционной культуры монголов. М., 1988.
6. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVIII и начала XIXвв, Алматы, 1971.

Резюме

В данной статье рассматриваются концептуальные особенности наименований цвета в пословицах и поговорках.

Conclusion

This article is about conceptual peculiarities of different color types in proverbs and sayings.